

солай, өз клиенттерімен байланыста болады және түрлі шаш үлгілерін ойлап табады. Хатшы-секретардың (кеңсе-менеджері, директордың көмекшісі) да жұмысы сондай, мекемеге келген адамдармен қарым-қатынас жасайды, телефонға жауап береді, компьютерді қолдана отырып, құжаттарды рәсімдейді, операцияларды орындайды. Сонымен қатар, «фирманың бет-бейнесі» ретінде танылатындықтан, сыртқы жүріс-тұрысы соған сай болып, өзін көрсете білуі керек.

11 сыныпқа арналған сауалнама

- 1) Мектептегі қандай пәндер ұнайды?
- 2) Мектепте қандай пәндер ұнамайды?
- 3) Қалауың бойынша қандай қосымша сабақтар мен факультативтерге қатысасың немесе қатысқың келеді?
- 4) Бос уақытыңда немен айналысасың?
- 5) Мамандықтың қай аумағы саған көбірек ұнайды - жаратылыстану-ғылыми (химия, биология, медицина және т.б.), нақты ғылым (математика, физика), гуманитарлық (әдебиет, тілдік, психология, педагогика және т.б.), қоғамдық-ғылыми (экономика, құқық), өнер, спорт, мүлде қызығушылық тудырмайтын мамандықтар.
 - 6) Қандай мамандық таңдадың?
 - 7) Оны игерудің қандай жолын қарастырдың?
 - 8) Таңдаған мамандықтың несі ұнамды?
 - Еңбек шарты;
 - Еңбектің өзі;
 - Жоғары материалдық қамтамасыз ету;
 - адамдармен қарым -қатынас;
 - шығармашылық мүмкіндік;
 - жиі жол сапарға шығу;
 - нәтиженің пайдалылығы;
 - кәсіби өсуге мүмкіндік;
 - еш қиындықсыз осы мамандықты игеру мүмкіншілігі;
 - басқа нұсқалары.

VI тарау АТА-АНАҒА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОДИАГНОСТИКА АТА-АНА МЕН БАЛА ҚАТЫНАСЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕР

Ата-ананың балаға деген қарым-қатынасы тест-сауалнама (А.Я.Варга, В.В.Столин)

Ата-ананың қарым-қатынасының тест-сауалнамасы – бұл психодиагностикалық құрал, ол баланы тәрбиелеу және қатынас сұрағымен психологиялық көмек сұрап келген адамның ата-аналық қарым-қатынасын айқындауға арналған.

Ата-аналық қарым-қатынас дегеніміз, балаға қатысты түрлі сезімнің, іс-әрекет стереотипінің, баланы түсіну және қабылдау ерекшелігі.

Сауалнама құрылымы:

Сауалнама 5 шәкілден тұрады.

I. «Қабылдау – қабылдамау». Шәкіл балаға интегралды сезімдік қарым-қатынасты білдіреді. Шәкілдің бір полюсінің мазмұны: бала ата-анаға қандай да болса ұнайды. Ата-ана баланың даралығын сыйлайды. Ата-ана баламен көп уақыт өткізуде, оның қызығушылығы мен жоспарын мақұлдайды. Шәкілдің екінші полюсында: ата-ана өзінің баласын жаман, табыссыз, бейімсіз деп қабылдайды. Бала өзін қабілеті төмен, ақылы аз, бейімсіз, өмірде табысқа жетпеймін деген сенімде ұстайды. Көп жағдайда ата-ана баласына ашу, ызә, реніш сезімімен қарайды. Баласына сенбейді және сыйламайды.

II. «Кооперация» - ата-ана қарым-қатынасы элеуметтік-қалаулы бейнесі. Бұл шәкілдің мазмұндамасы мынада: ата-ана баласының тірлігіне және жоспарына қызығушылықпен қарайды, оған барынша көмек көрсетуге дайын, жаны ашиды. Ата-ана баланың зияткерлік және шығармашылық қабілетін жоғары бағалайды, баласын мақтан тұтады. Баласының тәуелсіздігін және ынтасын мадақтайды, онымен бірге болуға дайын. Ата-ана баланың сұрағына сенімді, талқылауда оның көзқарасымен көруді меңгеруде.

III. «Симбиоз» - шәкіл баламен қатынастың жеке ара қашықтығын

айқындайды. Бұл шәкілде жоғары ұпай жиналса, ата-ана баласымен симбиоздық қарым-қатынаста деп есептеуге болады.

Бұл тенденцияға мынадай мазмұндама беріледі: ата-ана өзін баламен бір бүтін деп санайды, оның барлық қажеттілігін қанағаттандыруға, өмірлік қиыншылық пен ренішін қорғауға дайын. Ата-ана баласы үшін үнемі қорқып отырады, баланы әлі кішкентай және қорғаныссыз деп көреді.

Бала өсе келе жағдайға байланысты тәуелсіздікке үйрене бастаған кезде ата-ана үрейі жоғарылай бастайды, өйткені ата-ана балаға ешқашан өздігінен тәуелсіздік берген емес.

IV. «Авторитарлық гиперсоциализация» - баланың іс-әрекетін бақылаудың түрін және бағытын айқындайды. Бұл шәкілде жоғары ұпай жиналса, ата-ананың қарым-қатынасында авторитаризм байқалады. Ата-ана баласынан сөзсіз бағыну мен тәртіпті талап етеді. Бала өзі еркін болғысы келеді, ал оның көзқарасын аңғармайды. Баланы өз еркін танытқаны үшін жазалайды. Ата-ана баласының әлеуметтік жетістігін қадағалап жүреді және әлеуметтік табысты талап етеді. Сонымен бірге ата-ана баласының жеке мүмкіншілігін, әдетін, ой-өрісін, сезімін жақсы біледі.

V. «Кішкентай жолы болғысыз адам» - ата-ананың баласын қабылдау мен түсіну ерекшелігін айқындайды. Бұл шәкілдің жоғары белгісі ата-ананың қарым-қатынасында баланы инфантилеуге әкелу, өзін әлеуметті түрде дәрменсіз деп есептеуге іс-әрекет жасайтыны байқалады. Ата-ана баласын өз жасынан кіші көреді. Бала қызығушылығын, ой, сезімі ата-анасына балалық, шалағай болып көрінеді. Ата-ана баласына сенбейді, оның сәтсіздігіне іші ашиды. Осы үшін ата-ана баласын өмірлік қиындықтан қорғауға дайын және оның іс-әрекетін қатал бақылайды.

АҚҚ сауалнама тексті

1. Мен балама әрдайым жаным ашиды.
2. Баламның не ойлайтынын білу менің парызым.
3. Мен баламды сыйлаймын.
4. Маған баламның іс-әрекеті мөлшерден тыс болып көрінеді.
5. Баланы өмірлік қиындықтан алысырақ ұстау қажет.
6. Мен баламнан бейімділікті сезінемін.

7. Жақсы ата-ана баласын өмірлік қиыншылықтан қорғайды.
8. Балам көп уақыт маған ұнамайды.
9. Мен балама көмек беруге дайынмын.
10. Барлық қарым-қатынас балаға үлкен пайда әкелетін жағдай да болады.
11. Мен баламнан өкінішті сеземін.
12. Менің балам өмірде еш нәрсеге қолы жетпейді.
13. Балам менің баламды мазақ ететін сияқты.
14. Балам жеккөрініш сезімін тудыратын қылықты жиі жасайды.
15. Балам өз жасына әлі жетілмеген.
16. Балам мені ренжіту үшін, әдейі жаман қылық жасайды.
17. Балам жаман нәрсенің бәрін өзіне тартып алады.
18. Баламды қанша ынталандырсаң да, жақсы үлгіге үйрете алмайсың.
19. Баланы қатты ұстау қажет, сонда одан жақсы тәртіпті адам өседі.
20. Баламның достары үйге келгенін ұнатамын.
21. Баламның өсуіне мен қатысамын.
22. Балама барлық жаман нәрсе «жабысады».
23. Балам өмірде табысқа жетпейді.
24. Жиналыста балам жайында әңгіме қозғалғанда, мен кішкене ұяламын, себебі мен ойлағандай ақылды және қабілетті емес.
25. Баламды мен аяймын.
26. Баламды құрдасымен салыстырғанда, ол іс-әрекетімен де, ой-өрісімен де баламнан үлкен болып көрінеді.
27. Баламмен бос уақытымды қуана өткіземін.
28. Баламның өсіп ержетіп келе жатқанына қамығамын, оның кішкентай кезін нәзіктікпен еске аламын.
29. Балама қастық қатынаста екенімді жиі сеземін.
30. Балам өмірде мен жете алмаған жетістікке жетсе екен деймін.
31. Ата-ана баладан тек талап ете бермей, оған бейімделуі қажет.
32. Баламның барлық өтінішін орындауға дайынмын.
33. Отбасында шешім қабылдағанда баланың да пікірін ескеру қажет.
34. Баламның өмірі мені өте қызықтырады.
35. Баламмен жанжал болған кезде, оның дұрыс екенін жиі мойындаймын.

36. Ата-ананың қателесетінін бала ерте жастан біледі.
37. Мен баламмен үнемі санасамын.
38. Мен баламен достық сезімдемін.
39. Баламның қыңырлығының басты себебі - өзімшілдік, қырсықтық және жалқаулық.
40. Демалыс күніңді баламен өткізсең, жақсы дем ала алмайсың.
41. Ең бастысы баланың тыныш және қамсыз балалық шағы болуы.
42. Кейбір кезде баламның жақсы нәрсеге дағдысы жоқ деп есептеймін.
43. Баламның әуесін мақұлдаймын.
44. Балам кімді болсада өзінен шығара алады.
45. Баламның ренішін түсінемін.
46. Балам мені жиі ашуландырады.
47. Баланы тәрбиелеу – жүйкені тоздырады.
48. Балалық шақтағы қатал тәртіп балада күшті мінез-құлықты дамытады.
49. Мен балама сенбеймін.
50. Қатал тәрбие үшін кейін бала рахметін айтады.
51. Кейбір кезде баламды жек көретін сияқтымын.
52. Баламда қадыр-қасиеттен кемшілік көп.
53. Баламның қызығушылығын мақұлдаймын.
54. Балам өздігінен еш нәрсе істей алмайды немесе құртады.
55. Балам өмірге бейімсіз болып өсіп келеді.
56. Балам қандай да болса өзіме ұнайды.
57. Баламның денсаулығын қатты қадағалаймын.
58. Баламды мақтан тұтамын.
59. Бала ата-анасынан құпия сақтамауы тиіс.
60. Баламның қабілетіне жоғары пікірде емеспін және оны баламнан жасырмаймын.
61. Бала ата-анасына ұнаған баламен достасып жүргені дұрыс.

Сауалнама кілті

- I. «Қабылдау-қабылдамау»: 3, 4, 8, 10, 12, 14, 15, 16, 18, 20, 23, 24, 26, 27, 29, 37, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 51, 52, 53, 55, 56, 60
- II. Мінез-құлқының әлеуметтік қалауының бейнесі: 6, 9, 21, 25, 31,

33, 34, 35, 36.

III. «Симбиоз»: 1, 5, 7, 28, 32, 41, 58.

IV. «Авторитарлық гиперсоциализация»: 2, 19, 30, 48, 50, 57, 59.

V. «Кішкентай жолы болғысыз адам»: 9, 11, 13, 17, 22, 28, 54, 61.

Тесттік ұпайдың саналу реті:

Тесттік ұпайды барлық шәкілде «дұрыс» жауабы есептеледі.

Сейкес шәкілдегі жоғарғы тесттік ұпай:

I – қабылдамау;

II – әлеуметтік қалау;

III – симбиоз;

IV – гиперсоциализация;

V – инфантилизация (инвалидизация).

Тесттік мөлшерлер сәйкес шәкілдің тесттік ұпайдың пайыздық рангы кесте түрінде беріледі.

Сауалнама шәкілінің шикі ұпайын пайыздық рангға ауыстыру кестесі.

I шәкіл «қабылдау-қабылдамау»

«Шикі ұпай»	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Пайыздық ранг	0	0	0	0	0	0	0,63	3,79	12,02	13,01	53,7
«Шикі ұпай»	12	13	14	15	16	17	18	19			
Пайыздық ранг	77,21	84,17	88,60	90,50	92,40	93,67	94,30	95,50			
«Шикі ұпай»	20	21	22	23	24	25	26	27			
Пайыздық ранг	97,46	98,10	98,73	99,36	100	100	100	100			
«Шикі ұпай»	28	29	30	31	32						
Пайыздық ранг	100	100	100	100	100						

II шәкіл «Кооперация»

«Шикі ұпай»	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Пайыздық ранг	1,57	3,46	5,67	7,88	9,77	12,29	19,22	31,19	48,82	80,33

III шәкіл «Симбиоз»

«Шикі ұпай»	0	1	2	3	4	5	6	7
Пайыздық ранг	4,72	19,5	39,06	57,96	74,97	86,63	92,93	95,65

IV шәкіл «Авторитарлық гиперсоциализация»

«Шикі ұпай»	0	1	2	3	4	5	6
Пайыздық ранг	4,41	13,86	32,13	53,87	69,30	83,79	95,74

V шәкіл «Кішкентай жолы болғысыз адам»

«Шикі ұпай»	0	1	2	3	4	5	6	7	8
Пайыздық ранг	14,55	45,57	70,25	84,81	93,04	96,83	99,37	99,83	100

“Ата-ана – бала өзара әрекеттестік” сұрақнамасы
Мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағылардың
ата-аналарына арналған нұсқа

Нұсқау: “Келесі ой-пікірлерді мұқият оқып шығып, сіздің ойыңызбен сәйкес келетін жерлерін, яғни келісетін деңгейіңізді 5 ұпайлық жүйемен белгілеңіз. Жауап іс қағазында әр баланың пікірін бөлек бағалаңыз.

5 – күмәнсіз, иә (аса қатты келісуді білдіреді)

4 – жалпы келісемін

3 – иә немесе жоқ

2 – иә жауабына қарағанда жоқ

1 – жоқ (тіптен келіспеу белгісі)”

0 Егер мен одан бір нәрсені талап етсем, мақсатыма міндетті түрде жетемін.

1 Мен оны нашар қылықтары үшін үнемі жазалаймын.

2 Әдетте қай киім киетінін өзі шешеді.

3 Менің баламды қараусыз қалдыруға болады.

4 Ұлым (қызым) өзінде болып жатқан жаңалықтардың бәрін маған айтады.

5 Мен оны өмірде ешнәрсеге қол жеткізе алмайды деп ойлаймын

6 Мен оның бойынан жақсы қасиеттерінен гөрі кемшіліктерін жиі байқаймын.

7 Үй тапсырмасын біз жиі бірігіп орындаймыз.

8 Мен баламның денсаулығы үшін жиі мазасызданамын.

9 Мен талапты қойып, бірақ оны соңына дейін қадағаламайтынымды сезінемін.

10 Біздің отбасымызда үнемі қақтығыс болып тұрады.

11 Мен оған қандай тәрбие берсем, ол да өз балаларына сондай қарағанын қалаймын.

12 Ол менің өтінішімді бірнеше рет қайталап қызып барып орындайды.

13 Мен оған сирек ренжимін.

14 Мен оның барлық әрекеті мен қылықтарын бақылап отырамын.

15 Ол үшін ең бастысы – мені тыңдау деп санаймын.

16 Егер ол бақытсыздыққа ұшыраса, ең алдымен ол менімен бөліседі.

17 Мен оның қызығушылығын қолдамаймын.

18 Мен оны өзім қалағандай, ақылды, қабілетті деп санамаймын.

19 Дұрыс жасамағанымды мойындап, оның алдынан кешірім сұрай аламын.

20 Менің балама қорқынышты жағдай болып қалады деп жиі ойлаймын.

21 Менің оған деген қарым-қатынасымды, мінез-құлқымды түсіну қиын.

22 Отбасының басқа мүшелері кедергі келтірмегенде, менің баламның тәрбиесі анағұрлым жақсы болар еді.

23 Маған біздің арамыздағы қарым-қатынас ұнайды.

24 Оның достарының отбасына қарағанда, оның үйде орындайтын міндеттері көп.

25 Мен оған кейде қол көтеремін.

26 Егер ол қаламаса да, менің айтқанымды жасауға тура келеді.

27 Мен оған не қажет екенін жақсы білемін.

28 Мен балама үнемі аяушылық білдіремін.

29 Мен оны түсінетін сияқтымын.

30 Мен оның көп қасиетін өзгерткім келеді.

31 Отбасында шешім қабылдағанда оның пікірі үнемі ескеріледі.

32 Мен мазасыз әкемін (анамын) деп өзімді санаймын.

33 Менің мінез-құлқым ол үшін үнемі күтпеген жағдай туғызады.

34 Мен баламды жазалағанда менің жолдасым (әйелім, анам, т.б.) аса қаталдығыма жазғырады.

35 Мен ұлымды (қызымды) дұрыс тәрбиелеудемін деп ойлаймын.

36 Мен оған көп талап қоямын.

37 Менің мінезім жұмсақ.

38 Мен оған үйдің ауласында жалғыз қыдыруына рұқсат беремін.

39 Мен оны өмірдегі қиындықтар, әрі жазымдардан сақтауға ұмтыламын.

40 Менің кемшіліктерім мен әлсіздіктерімді байқағанын қаламаймын.

41 Маған оның мінезі ұнайды.

42 Мен оны ұсақ-түйекке бола сынға аламын.

43 Мен оны бар ынтаммен тыңдаймын.

44 Менің парызым – оны әртүрлі қауіптен сақтау деп санаймын.

45 Менің жіберген қателігімді ол жасаса мен оны жазаламаймын.

46 Отбасының басқа мүшелеріне баланы еріксіз қарсы қоятын

кездерім болады.

- 47 Мен онымен күнделікті қарым-қатынастан шаршаймын.
- 48 Маған ол қаламаған істі еріксіз жасатуға тура келеді.
- 49 Өзгелер бұл қылығы үшін жазалайды, ал мен оны кешіремін.
- 50 Мен ол туралы бәрін білгім келеді: не туралы ойлайтыны, достарымен қандай қатынаста, т.б.
- 51 Ол үйде бос уақытында немен айналысатынын өзі таңдайды.
- 52 Мен оның ең жақын адамымын деп ойлаймын.
- 53 Мен оған әр уақытта көңілімнің толмағанын айтамын.
- 54 Мен оның мінез-құлқын қолдаймын.
- 55 Ол ойлап тапқан іске атсалысамын.
- 56 Оның болашағын біз әрқалай елестетеміз.
- 57 Бір нәрсе үшін мен жазғыратын да мақтайтын да кезім болады.
- 58. Мен оған бірнәрсе айтсам жолдасым (әйелім, апасы, т.б.) әдейі, керісінше басқаша айтатын кездері де болады.
- 59. Шешім қабылдағанда баламмен ақылдасамын.
- 60. Оған жеткілікті көңіл бөлемін.

ТІРКЕУ ҚАҒАЗЫ.

Ф.А.Ә. ----- жасы ----- білімі -----

Баланың аты-жөні ----- жасы-----

№	ұпай	№	ұпай	№	ұпай	№	ұпай	№	ұпай
1		13		25		37		49	
2		14		26		38		50	
3		15		27		39		51	
4		16		28		40		52	
5		17		29		41		53	
6		18		30		42		54	
7		19		31		43		55	
8		20		32		44		56	
9		21		33		45		57	
10		22		34		46		58	

11		23		35		47		59	
12		24		36		48		60	

Нәтижені өңдеу мен талдау.

Сұрақнаманың үш түрі де келтірілген кесте бойынша өңделеді. Әр шкаладағы ұпайдың жалпы саны есептеледі мұнда кері және тура мәндес пікірлерді ескеру қажет. Кері пікірлер ұпайларға келесі үлгімен беріледі.

Жауаптар 1 2 3 4 5

Ұпайлар 5 4 3 2 1

Іс қағаз кілтінде кері сұрақтар жұлдызшамен берілген. Үшінші және бесінші шкалалар 10 пікірден тұратындықтан арифметикалық ұпай саны бұл шкалаларда екіге бөлінеді. Сомасы баға тіркеу іс қағазының соңғы бағанына қойылады. Жауап беру іс қағазының кейбір жолы бір шкалаға жатады. Мысалы: бірінші шкалаға 1,13,25,37,49 пікірлер қараса, 10 шкалаға: 12,24,36,48,60; 3 шкалаға: 3,4,15,16,27,28,39,40,51, 52, т.б.

Жеткіншектер мен олардың ата-анасына арналған сұрақнама кілті.

1. жұмсақтық-каталдық
2. дербестік-бақылау
3. эмоционалды ара-қашықтық-жақындық
4. қабылдамау-қабылдау
5. талап қоймау-талап қоя білу
6. әріптестіктің болмауы-әріптестіктің болуы
7. келіспеушілік-келісім
8. салдарлы-салдарсыздық
9. ата-ана беделі
10. баламен (ата-анамен) қарым-қатынаста қанағаттану.

№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	Сомасы
1		13	***	25		37		49		1
2		14	***	26		38	***	50	***	2
3	***	15		27		39	***	51		3/2

4	***	16		28		40		52	***	
5		17		29		41	***	53		4
6	***	18	***	30		42		54	***	5/2
7	***	19	***	31	***	43	***	55		
8		20		32		44		56		6
9	***	21		33		45		57	***	7
10	***	22	***	34	***	46	***	58	***	8
11		23		35		47		59		9
12		24		36		48	***	60		10

**Кіші мектеп оқушылары мен ата-аналарына
арналған сұрақнаманың кілті**

№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	Со- масы
1										
2										
3										
4										
5										
6										
7										
8										
9										
10										
11										
12										

- 0 жұмсақтық-каталдық
- 1 дербестік-бақылау
- 2 эмоционалды ара-қашықтық-жақындық
- 3 қабылдамау-қабылдау
- 4 әріптестіктің болмауы-әріптестіктің болуы
- 5 бала үшін қобалжу
- 6 салдарлы-салдарсыздық
- 7 отбасындағы тәрбие конфронтациясы
- 8 баламен (ата-анамен) қарым-қатынаста қанағаттану.
- 9 талап қоймау-талап қоя білу

Сіз қызғаншақсыз ба?

Бұл сұраққа жауап беруде В.Чердниченконың құрастырған тесті көмектеседі.

1. Достарыңыз сізді қызғаншақ дейді ме?

- а) Иә, есептейді.
- б) Солай деп есептейді. Бірақ олар шатасады.
- в) Олай деп ешкім ойламайды.

2. Сіз тұрмыстасыз немесе шықтым деп елестетіңіз. Күйеуіңіз жұмыстан әдеттегіден бірнеше сағатқа кешігіп келді...

- а) Ол қайда болғанын келген сәтте анықтай бастайсыз.
- б) Ол өзі түсіндіргенше күте тұрасыз.

в) Жолдасыңызға сенетіндігіңіз соншалықты, бұл мәселеге мүлдем қызығушылық танытпайсыз.

3. Сіз жарыңыздың адалдығына күдіктенесіз, біреумен бөлісесіз бе?

- а) Біреумен бөліссе де болады – онда тұрған не бар?
- б) Тек достарыммен ғана бөлісемін.
- в) Ешқашан, ешкіммен.

4. Адамды қызғанғанда, керісінше көзіне шөп салуға айтарлықтай тілек көбейеді деген пайымдау бар келісесіз бе?

- а) Толығымен келіспеймін
- б) Әртүрлі болады
- в) Толығымен келісемін, тыйым салынған жеміс өзіне тартады емес пе?

5. Адамға қызғаншақ болу қалыпты нәрсе ме?
а) Иә, қалыпты.
б) Кейбір сатыда.
в) Тым қызғаншақтық және қосымша жалған қызғаншақтық қалыпты болып саналмайды

6. Сіз (жарыңызбен) сүйіктіңізбен бір кешке келдіңіз. Ол өзге қызбен (ермен) биге шықты. Сіз ашуланасыз ба?
а) Енді ше!
б) Ол қыз (жігіт) кім және қалай көрінетіндігіне байланысты.
в) Ашулану үшін ерекше себепті көріп тұрғаным жоқ.

7. Шамалы мөлшерде қызғаншақ болу қажет дейді, келісесіз бе?
а) Қызғаншақтық кез-келген мөлшерде зиян.
б) Жауап беруге қиналып отырмын.
в) Шамалы мөлшерде қызғаншақ болуға болады.

8. Сіздің көзқарасыңыз бойынша кім қызғаншақ?
а) Тең сатыда бозбала да, бойжеткенде, ер азамат та, әйелде бірдей қызғаншақ.
б) Тамаша жыныс өкілдері қызғаншақ келеді.
в) Ер азаматтар өкілдері.

9. Ерлі-зайыптылар қатынасына қызғаншақтық қаншалықты әсер етеді?
а) Еш әсер етпейді.
б) Айтарлықтай әсер етеді.
в) Шектен тыс қызғаншақтық отбасының тұрақтылығына зақым келтіреді, ажырасуға алып келуі мүмкін.

10. Халықта: «Қызғанатындығың жақсы көретіндігің» деп айтады. Мұндай анықтаумен келісесіз бе?
а) Әрине, келісемін.
б) Өмірде әртүрліше болады.
в) Жақсы көреді. Өзін махаббатқа қарағанда көбірек жақсы көреді.
Енді жинаған ұпайларды есептейміз. «а жауап нұсқасына - 0, «б» - 1, «в» - 2 ұпайды жазыңыз. Бәрін қосыңыз. Алынған нәтижелермен таныса аласыз.

0-7 ұпай. Аз мөлшердегі қызғаншақтықты, бір шөкім тұзбен, ал үлкен мөлшердегіні – у мен теңестіруге болады. Сіздің жинаған ұпайларыңыз аз болған сайын, сіздің мөлшеріңіз көбірек. Сіз тым қызғаншақсыз. Өзіңізбен жақсы жұмыс істеуіңіз керек.

8-13 ұпай. Сіз қызғаншақсыз. Қызғаншақтық сіздің жекелік бағытыңыздың жолында жеңе алмайтын кедергі болуы мүмкін. Болашақ отбасылық өмірде мүлдем негізделмеген күдіктен туындаған ұзаққа созылған ұрыстар мен реніштер болуы ықтимал. Сізге «а» жауаптары таңдаған сұрақтарға жауаптарды жазып алып, оларды жақсылап ойластыру ұсынылады.

14-20 ұпай. Сізде қызғаншақтық танытуға негіздер болса, сіз оларды жеңе, өзіңізді басқара аласыз. Қызғаншақтық сіз үшін қандай да бір жағымсыздықтың себебі, жеке бақыт құруға немесе отбасының құлдырауына себеп бола алады деп қабылдайсыз.

“Ата-ана – бала өзара әрекеттестігі” сұрақнамасы. Жеткіншектің ата – анасына арналған нұсқасы.

Нұсқау: “Келесі ой-пікірлерді мұқият оқи отырып, сіздің ойыңызбен сәйкес келетін жерлерін, яғни келісетін деңгейіңізді 5 ұпайлық жүйемен белгілеңіз. Жауап іс қағазында әр баланың пікірін бөлек бағалаңыз.

5 – күмәнсіз, иә (аса қатты келісуді білдіреді)

4 – жалпы келісемін

3 – иә немесе жоқ

2 – иә жауабына қарағанда жоқ

1 – жоқ (тіптен келіспеу)

• Егер мен баламнан бір нәрсені талап етсем, мақсатыма міндетті түрде жетемін.

• Мен оны нашар қылықтары үшін үнемі жазалаймын.

• Ол маған қайда баратынын және қашан келетінін сирек айтады.

• Мен оны толығымен дербес адам деп санаймын.

• Ұлым (қызым) өзінде болып жатқан жаңалықтардың бәрін маған айтады.

• Мен оны өмірде еш нәрсеге қол жеткізе алмайды деп ойлаймын.

• Мен оның бойынан жақсы қасиеттерінен гөрі кемшіліктерін жиі байқаймын.

• Мен оған маңызды, қиын істерді жиі тапсырамын.

- Бізге ортақ келісімге келу қиын.
- Бұрын тиым салынған нәрсеге рұқсат беретін кездерім болады.
- Ұлым (қызым) менің көзқарасымды үнемі ескереді.
- Мен оған қандай тәрбие берсем, ол да өз балаларына солай қарағанын қалаймын.

- Мен не өтінсем де ол бірден орындайды.
- Мен оған сирек ренжимін.
- Мен оның барлық әрекеті мен қылықтарын бақылап отырамын.
- Ол үшін ең бастысы – мені тыңдау деп санаймын.
- Егер ол бақытсыздыққа ұшыраса, ең алдымен ол менімен бөліседі.
- Мен оның қызығушылығын қолдамаймын.
- Мен оны өзім қалағандай, ақылды, қабілетті деп санамаймын.
- Дұрыс жасамағанымды мойындап, оның алдынан кешірім сұрай аламын.

- Мен оның айтқанына жиі көнемін.
- Менің оған деген қатынасымда, мінез құлқымды түсіну қиын.
- Мен ол үшін беделді адаммын деп ойлаймын.
- Маған біздің арамыздағы қарым-қатынас ұнайды.
- Оның достарының жанұяларына қарағанда, оның үйде орындайтын міндеттері көп.

- Мен оған кейде қол көтеремін.
- Егер ол қаламаса да, менің айтқанымды жасауға тура келеді.
- Мен оған не қажет екенін жақсы білемін.
- Мен балама үнемі аяушылық білдіремін.
- Мен оны түсінетін сияқтымын.
- Мен оның көп қасиетін өзгерткім келеді.
- Отбасында шешім қабылдағанда оның пікірі үнемі ескеріледі.
- Мен оның ұсыныстары, әрі ойларымен үнемі келісемін.
- Менің мінез-құлқым ол үшін үнемі күтпеген жағдай туғызады.
- Ол үшін мен үнемі үлгі боламын.
- Мен ұлымды (қызымды) дұрыс тәрбиелеудемін деп ойлаймын.
- Мен оған көп талап қоямын.
- Менің мінезім жұмсақ.
- Мен оған келгісі келген уақытта келуіне рұқсат етемін.
- Мен оны өмірдегі қиындықтар, әрі жазымдардан сақтауға ұмтыламын.

- Менің кемшіліктерім мен әлсіздіктерімді байқағанын қаламаймын.
- Маған оның мінезі ұнайды.

- Мен оны ұсақ-түйекке бола сынға аламын.
- Мен оны бар ынта-жігеріммен тындаймын.
- Мен онымен көптеген мәселеде келіспеймін.
- Мен жіберген қателіктерді ол жасаса мен оны жазаламаймын.
- Ол менің көптеген көзқарастарымды қолдайды.
- Мен онымен жалған күнделікті қарым-қатынастан шаршаймын.
- Маған ол қаламаған істі еріксіз жасатуға тура келеді.
- Өзгелер бұл қылығы үшін жазалайды, мен оны кешіремін.
- Мен ол туралы бәрін білгім келеді: не туралы ойлайтыны, достарымен қандай қатынаста екенін білгім келеді.
- Ол кіммен дос боларын менімен ақылдаспайды.
- Мен оның ең жақын адамымын деп ойлаймын.
- Мен оған әр уақытта көңілімнің толмайтынын айтамын.
- Мен оның мінез-құлқын қолдаймын.
- Ол ойлап тапқан іске атсалысамын.
- Оның болашағы туралы біз әрқалай елестетеміз.
- Бір нәрсе үшін менің жазғыратын да мақтайтын да кезім болады.
- Ол маған ұқсағысы келеді деп ойлаймын.
- Оның үнемі менімен дәл қазіргідегідей қатынаста болғанын қалаймын.

ОТБАСЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҰЖЫМ АХУАЛЫН АНЫҚТАЙТЫН ӘДІС Некеге қанағаттану сұрақнамасы

Әдістеменің мазмұны – ерлі –зайыптылардың некеде тұрғандарына қанағаттану және қанағаттанбау деңгейін анықтауға арналған жеке түрде жүргізілетін жедел диагностика. Әдістеме авторлары В.В.Столин, Т.Л.Романова және Г.П.Бутенко. (1984)

Әдістеменің мазмұны

- Әдістемедің тест 24 сұрақтан, ол алты тип деңгейінде бекітіледі.
1. Өзінің неке жағдайын өзге некемен салыстырады.
 2. Өзінің некесіне сырттай баға беретін болады.
 3. Зайыбына деген бұрынғы және қазіргі сезімінің тепе –теңдігі.
 4. Барлық көрсеткіштер бойынша зайыбына беретін өз бағасы.
 5. Зайыбының мінез-құлқын өзгертуіне белгі қоя білуі.

6. Некеге деген жалпы жағымды және жағымсыз көз-қарасы.

Әр сұраққа үш жауаптан беріледі: «шын», «айтуға қиын», «шын емес». Сұрақнамаға жауап беру 10 минуттан аспауы керек.

Нұсқау: «Назар салып оқып, берілген үш жауаптың бірін таңдаңыз; «айтуға қиын», «жауап беруге қиналамын» деген аралық жауапты пайдаланбағаныңыз жөн, тез ойланбай, алғашқы ойыңызға келген жауапты айтқаныңыз дұрыс болмақ»

Сұрақнама мәтіні

1. Адамдар бір –бірімен жақын өмір сүріп жатқанда, яғни отбасында күнделікті болып жататын жағдайға байланысты, олар өзара түсіністікті және екінші адамды қабылдау астарын жоғалтады.

- а) шын;
- б) сенімсізбін;
- в) шын емес;

2. Ерлі –зайыпты қатынасыңыз , сізді ... әкеледі:

- а) мазасыздық пен уайымға;
- б) жауап беруге қиналуға;
- в) шын мәнінде қуаныш пен қанағаттануға;

3. Сіздің некеңіз туралы туыстарыңыз бен достарыңыздың бағалауы..., - дейді:

- а) жарасқан түрде;
- б) орташа түрде;
- в) сәтсіз түрде;

4. Егерде сізге мүмкіндік берілсе, онда:

- а) зайыбыңыздың көп мінез-құлқын өзгертер едіңіз;
- б) айтуға қиын;
- в) сіз ешнәрсені өзгертпейтін едіңіз;

5. Некедегі мәселенің бірі - жыныстық деңгейде түсініспеушілік, қазіргі кезде осыған көп көңіл бөлуде:

- а) шын;
- б) айтуға қиын;
- в) шын емес;

6. Сіз жақын таныс- туыстарыңызбен өз отбасыңызды салыстыра отырып,...:

- а) сіз өзгеден бақытсыз көрінесіз;
- б) қиын айтуға;
- в) сіз өзгелерден бақыттысыз;

7. Өмірде отбасы және жақын адамың –бүтін еркіндікке жетудегі қымбат баға болып табылады:

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

8. Сіздің пікіріңізше, зайыбыңыздың өмірі сізсіз бүтін болмайтын еді:

- а) иә, солай ойлаймын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

9. Көп адамды некеден күткені орындалмай өздерін алдайды:

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

10. Ажырасу туралы ойлауға кедергі келтіретін, көп мәселенің туындауы болып табылады:

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

11. Егер де сізге алғашқы некеге тұрған уақыт қайта келсе, осы зайыбыңызды қайта таңдауыңыз мүмкін бе?

- а) басқа кім болса да , тек осы емес;
- б) қиын айтуға;
- в) мүмкін, тек осы болуы;

12. Сіз, (еріңіз) зайыбыңыздай адаммен отасқаныңызды мақтан тұтасыз ба:

- а) шын;

- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

13. Сіздің зайыбыңыздағы (еріңіз) кейбір жетіспейтін қасиеттер, оның беделін төмендетеді ме?

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

14. Ерлі –зайыпты болып бақытты өмір сүруге негізгі кедергі;

- а) көбіне зайыбыңыздың мінезінен;
- б) қиын айтуға;
- в) көбіне өзінен;

15. Некеге тұрғаннан бері сіздің сезіміңіз:

- а) күшейді;
- б) қиын айтуға;
- в) төмендеді;

16. Неке адамның шығармашылық мүмкіндігін төмендетіп басады:

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

17. Сіздің зайыбыңыздың сондай жақсы жетістіктері, кейбір кемшілігін көрсетпейді:

- а) келісемін;
- б) орташа;
- в) жоқ, келіспеймін;

18. Өкінішке орай, сіздің некеңізде эмоционалды бір–біріне қолдау көрсету, дұрыс жолға қойылмаған.

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

19. Сізге, зайыбыңыз көп жерде аңқау, әзілді дұрыс түсіне алмай-тындай көріне ме:

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

20. Отбасы өмірі, сіздің ойыңызша, ерік- жігерге байланысты емес:

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

21. Отбасы қарым-қатынасында сіз күткендей тәртіп пен ұйымшылдық жоқ:

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

22. Отбасында адам құрметке аз бөлену керек деп дұрыс айтылмаған:

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

23. Зайыбыңыздың араласатын ортасы сізге қанағаттану сезімін тудырады:

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

24. Шындығына келгенде сіздің некедегі бақытты күндеріңіз аз болды немесе болмады десе де болады:

- а) шын;
- б) қиын айтуға;
- в) шын емес;

Өңдеу көрсеткіштері:

«Кілттері»: 1в, 2в, 3а, 4в, 5в, 6в, 7а, 8а, 9в, 10в, 11в, 12а, 13в, 14в, 15а, 16в, 17а, 18в, 19в, 20в, 21в, 22а, 23а, 24в.

Егер сыналұшының жауабы кілтпен сай келсе 2 ұпай қойылады; аралық (б) -1 ұпай, сай келмесе – 0 ұпай. Жоғарғы ұпай некеге қанағаттануды білдіреді. Оның ортасы 0-48 ұпай аралығы. Барлық жауапқа 7 санақ беріледі, ол өзара қарым-қатынасты білдіреді:

- 0-16 ұпай - өте жаман,
- 17-22 ұпай –жаман,
- 23-26 ұпай - жаман сияқты,
- 27-28 ұпай - өтпелі,
- 29-32 ұпай - жақсыға ұқсас,
- 33- 38 ұпай - жақсы,
- 39-48 ұпай - өте жақсы қатынас.

ПЭА (түсіністік, эмоционалдылық және беделдік) сұрақнамасы **Әдістеме авторы А.Н. Волков**

Мақсаты: Некеде түсінушілік, эмоционалдылық пен беделдіктің деңгейін анықтауға арналады.

Әдістеме мазмұны

Сұрақнамада 45 сұрақ, ол некеде тұрған адамдардың өзара қатынасын анықтауды көздейді. Сұрақнама мәтіні үш шкалаға түсірілген, оның орындары түсіністік, эмоциялық, беделдік әр қайсысына 15 сұрақтан берілген. Ерлі –зайыптылар жеке түрде өз алдына бөлек толтырады.

Нұсқау: Бұл сұрақтарда сіз жан-жарыңызды қалай түсінесіз, сол бойынша «ия», «жоқ», «білмеймін» жауаптарының бірін таңдап сұрақтың қасына сәйкес « белгі » қойыңыз.

Сұрақнама мәтіні:

1. Мен оның ойын тез оқимын.
2. Мен оның көңіл –күйін әрең табамын.
3. Мен оны айтқызбай түсінемін.
4. Оның жағдайға байланысты өзін қалай ұстайтыны туралы мен кейде айта алмай қысыламын.
5. Мен оның әдеті мен талғамын жақсы білемін.
6. Оның қандай да сұрақ жайлы көз-қарасын айту қиын.
7. Мен оның қажетін және неге талпынысы бар екенін білемін.

8. Мен оны жақсы түсінбейтін сияқтымын.
9. Ол кейде күтпеген жағдайларды жасап мені таңқалдырады.
10. Мен оның кемшіліктері мен жетістіктерін жақсы білемін.
11. Оның ішкі уайымы мен үшін жұмбақ болып қалмақ.
12. Мен оның икемді және икемсіз жақтарын жақсы білемін.
13. Мен оның өміріне не маңызды екенін білемін.
14. Көп байқағаным мен оны түсінбейді екенмін.
15. Мен оны не қуантады, не қайғыртады білмейді екенмін .
16. Маған оның үйде болғаны жақсы, ұнайды.
17. Маған оны тыңдау және бетіне қарап отыру ұнайды.
18. Маған оның өзін ұстауы ұнамайды.
19. Оның бет келбеті жағымсыз.
20. Мен оның қалай жұмыс істейтінін, жүрісін бақылағанды ұнатамын.
21. Маған оны сүюі, құшақтауы, еркелетуі ұнамайды.
22. Маған оның жымыюы, күлкісі ұнайды.
23. Оның қасымда болмайтыны мені қатты қынжылтады.
24. Оның бет келбетінен әйтеуір маған бір нәрсе ұнамайды.
25. Мен оның қимылы мен әңгімесін жиі сынға аламын.
26. Ол жиі қажетті және пайдалы нәрселер айтады.
27. Оның көп нәрседе көз-қарасы менің пікіріммен сәйкес келмейді.
28. Оның мен туралы пікірін құрметтеймін.
29. Ол менің досым екені қуантады.
30. Мен оның пікірі мен баға беруіне сирек қосыламын.
31. Оның қасында мен өзімді жеңіл және ашық ұстаймын.
32. Менің көңіл-күйім ол қасымда болса көтеріледі.
33. Оның қасында мен жиі шаршап, өзімді бақылай алмай қаламын.
34. Мен тек соның қасында болу үшін, маңызды жұмысымды қалдыруға бармын.
35. Мені одан алысырақ жерде демалу жиі ойландырады.
36. Мен ол жоқ кезде, өзімді жақсы сезінемін.
37. Мен оның бойынан көп жақсы қасиеттер табамын, сондықтан оны адам ретінде силаймын.
38. Менің таныс, туыстарымның арасында нағыз беделді адам, тек сол.
39. Мен кейбір нәрселерді шеше алмасам, жиі жан-жарымнан көмек сұраймын.
40. Ол мені жылдам өзгерте алады.

41. Менің пікірімше оның басы қатты жұмыс істейді.
42. Жан -жарыма әсер еткен кино мен кітаптар мені қызықтырады.
43. Оның қасында отыру мені жалықтырмайды, ол тамаша адам.
44. Кейде оның алыс адам емес екені, мені ойландырады.
45. Онда бар қасиеттерді мен өзімнен көргім келеді.

№	Иә	Біл- мей мін	жоқ	№	Иә	Біл- мей мін	жоқ	№	Иә	Біл- мей мін	жоқ
1				16				31			
2				17				32			
3				18				33			
4				19				34			
5				20				35			
6				21				36			
7				22				37			
8				23				38			
9				24				39			
10				25				40			
11				26				41			
12				27				42			
13				28				43			
14				29				44			
15				30				45			

Нәтижені өңдеу көрсеткіштері

Әр шкала кілтке байланысты сәйкес келсе

2 ұпай беріледі :

«иә» жауабы бойынша («+») сұрақтар; 1, 3, 5, 7, 10, 12, 13, 16, 17, 20, 22, 23, 25, 26, 28, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 39, 41, 42, 45;

«жоқ» жауабы бойынша («-») сұрақтары :2,4,6,8,9,11,14,15,18,19,21,24,27,29,30,38,40,43,44;

1- ұпай «білмеймін» жауабына беріледі, ал 0- ұпай кілтпен сәйкес келмегенде қойылады. Бұл әдістемеді жоғары 30 ұпайды көрсетеді.

1. Түсіну (1-15 бекітуде) субъекті бейнесінде серіктесінің жеке ерекшеліктері туралы сезіну бар. Қарым-қатынас кезінде ойды, мінез-құлықты сезім мен көз-қарасты түсінуге болады. Осы шкала бойынша төмен ұпай жинаса онда түсінбеушілікті білдіртеді.

2. Эмоционалды (16-30) тартымды, қарым-қатынасқа түсуге қызығатын, субъектімен байланысқа терапевтік деңгейде әсер ете алады. Ұпайдың төмендігі қарым-қатынас арасында күрделі сипат пен бір-бірінен шаршағандық байқалады.

3. Беделі (құрметтеуі) (31-45) Субъектіні эталон ретінде құрметтейді. Оның көз-қарасы, қызығушылығы мен пікірін бөліседі.

Ал ұпайы төмен болса сыйламайды, жеке тұлға ретінде қабылдамайды.

«Отбасылық қобалжуды анықтау» сұрақнамасы **Әдістеменің авторы Э.Г.Эйдемеллер және В.Юстицкис (2000)**

Әдістеменің мақсаты: Индивидтің жалпы қобалжуын зерттеу, оның отбасына деген көз-қарасы және отбасының оны қалай қабылдайтынын анықтау. «Отбасылық қобалжу» дегенде отбасының бір мүшесі үшін, қалған мүшесі бейсанада қобалжуда, бірақ өздері саналы түсінбей, оны қабылдамайды.

Әдістеменің мазмұны: Отбасы мүшелері жеке отырып сұрақнаманы толтырады.

Нұсқау: «Сіздерге ұсынылып отырған сұрақнама мазмұны отбасындағы, үйдегі көңіл-күйді білдіреді. Сұрақтар нөмірленген және оған қоса әдістеме іс-қағазы да нөмірленген». Сұрақнаманы оқып отырып егер, сол сөзбен келіссеңіз онда сол нөмірді дөңгелетіңіз, келіспесеңіз онда нөмірді сызып тастаңыз, кейбір сұраққа жауап беруге қиналсаңыз онда сұрақ(?) белгісін қойып отырыңыз. Қиналатын сұрақтар үшеуден көп болмауы қажет. Есте ұстаңыздар, бұл сұрақнама үйдегі көңіл-күйді білдіреді. Сұрақнамада «дұрыс» және «дұрыс емес» жауап болмайды, бұл тек сіздің «сезіміңіз».

Сұрақнама мәтіні

1. Білемін маған отбасы мүшелері жиі риза емес, көңілдері толмайды.
2. Сеземін, қалай істесем де бәрібір менің айтқанымдай болмайды.
3. Мен көп нәрсені орындауға үлгермей жүрмін.
4. Отбасында болатын келеңсіз жағдайға, неге екенін білмеймін барлық уақытта мен кінәлі болып шығамын.
5. Мен өзімді жиі әлсіз сезінемін.
6. Отбасында мен көп күйгелектенемін.
7. Үйге келгенде өзімді икемсіз және ыңғайсыз сезінемін.
8. Отбасының кейбір мүшелері мені ақымақ деп ойлайды.
9. Үйде болған кезімде, барлық уақытта мен бір нәрсені уайымдаймын.
10. Отбасы мүшелерінен жиі дағдарыс көз-қарасын сезінемін.
11. Үйге келе жатқанда, мен жоқ кезде қандай жағдай болды екен деп қорқамын.
12. Үйде жүргенде мен бәрін істеп үлгеруім керек, деп сезінемін
13. Үйде көп жағдайда өзімді артық (бөтен) сезінемін.
14. Үйде сондай күрделі жағдай, қимылға келуге менде ешқандай күш болмайды.
15. Үйде көп жағдайда мен, өзімді ұстап тоқтатып отыруым қажет.
16. Егер де мен жоқ болып кетсем, онда мені ешкім іздемейтін сияқты.
17. Үйге келе жатқанда, орындайтын жұмысымды жоспарлап келемін, ал үйге кіргеннен кейін тіпті басқа жұмысқа ауысып кетемін.
18. Отбасылық жағдайымды ойласам болды, мен қобалжи бастаймын.
19. Отбасы мүшелері, кейбір кездері мен үшін ұялатын сияқты.
20. Көп уақытта барлық тірлікті жақсы орындағым келеді, ал нәтижесінде бәрі керісінше нашар шығады.
21. Маған үйде көп нәрсе ұнамайды, мен оны жасырын ұстап көрсеткім келмейді.

Сұрақнама іс-қағазы

А.Ж.А _____

1 4 7 10 13 16 19 В/5

2	5	8	11	14	17	20	T/5
3	6	9	12	15	18	21	H/5

C= _____/14

Нәтижені өңдеу

Келіскен жауаптарға 1-ұпай беріледі. Үш шкаланың ұпайы бөлек есептеледі.

Суб шкала В- кінәлау (отбасы мүшелерінің кінәсі) Индивид отбасында болып жатқан жағдайға қарсы келіп, тепе-тең жауапкершілікті алмау, сезінбеу. Шкалаға келесі сұрақтар жатады: 1,4,7,10,13,16,19. Бес сұраққа келіссе отбасын кінәлауы анықталады.

Суб шкала Т қобалжу (отбасы мүшелерінің қобалжуы) сыналушының жеке күш жұмсауынан отбасындағы жағдай өзгермейді. Оған : 2,5,8,11,17,20. Бес сұрақта келіссе отбасы қобалжуы анықталады.

Суб шкала Н-қысым (отбасындағы қысым). Индивидке отбасындағы міндетті орындау көп күш түсіреді.

Ол сұрақтар: 3, 6, 9, 12, 15, 18, 21. Бес сұраққа келіссе отбасы қысымы анықталады. Соңынан бәрін бірге (кінәлау, қобалжу, қысым) қарастырып отбасында қай шкаланың басым екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Тест: «Отбасында эмоциялық қатынасты анықтау»

Әдістме авторы –Е.Бене және Д.Антони, 1999

Әдістеме отбасындағы баланың эмоцияналды қатынасы мен көз-қарасын анықтауға арналады. Тест арқылы отбасы мүшелеріне деген баланың сезімін, қатынаста өзін қалай қабылдауын сандық және сапалық жағынан бағалауға мүмкіндік алады. Баланың қандай психологиялық қорғану типін қолданып жүргенін анықтауға болады.

Әдістеменің мазмұны

Әдістеменің екі түрі бар:

1) 4- 6 (8) жас балалары үшін.